

УДК 53

ФИЗИКА САБАҒЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС – БІЛІМ ЖҮЙЕСІН ЖОҒАРЫЛАТУДАҒЫ ТИІМДІ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

*Нүгүрбекова Б.О.,
Физика пәні мұғалімі
Дружба орта мектебі,
Қостанай қаласы*

Аннотация

Мақалада оқушылардың өзіндік жұмыстарын оқу әдістемелері деп есептеп, сол арқылы білім, шеберлік және дағдыларын игеруіне, тәрбиелік мәселелерінің шешімі (белсенділікті, дербестікті, қайрат, табандылықты және т.б тәрбиелеу) көрсетілген. Әдебиеттерді талдау арқылы өзіндік жұмыстың мәнін, негізгі нышандарын ашып беретін бірыңғай анықтамасы да жоқ екені көрсетіледі. Сондықтан да мектеп оқушыларына бағыт-бағдар беру, оларды өзіндік оқуға, білім ала білуге үйрету, білімдерін саралауға, талдауға үйретудің маңызы зор.

Аннотация

В статье рассматривается важность самостоятельной работы учащихся, при выполнении которой вырабатываются умения, навыки мастерства, находчивости у учащихся. Анализ литературы показывает, что только справочников по выполнению самостоятельных работ недостаточно. Поэтому огромное значение имеют консультации по выполнению самостоятельной работы, умение самостоятельно читать, получать знания, умение анализировать полученные знания.

Abstract

The article discusses the importance of independent work of students, during which produced skills, skills, skills, resourcefulness in students. Analysis of the literature shows that certain directories on the execution of the work insufficient. Therefore, great importance consultations on performance of independent work, to be able to read, to acquire knowledge, the ability to analyze acquired knowledge.

Түйінді сөздер: өзіндік жұмыс, дағды, шеберлік, икем, әдістеме, тапқырлық, бағыт-бағдар.

Ключевые слова: самостоятельная работа, навык, мастерство, умение, методика, находчивость, направление.

Key words: independent work, skill, skill, skill, technique, resourcefulness, direction.

Бүгінгі мектептің негізгі міндеті – жан-жақты білімді, ғылымның негізін жақсы игерген, сонымен қатар белсенді де жоғары өнімді әрі қоғамдық еңбекке қабілетті азаматтар дайындау. Мектеп қабырғасынан мұндай жасты оқытып шығару, сөз жоқ оларға білім берудің жолдарымен оқу ісінің әдістеріне тікелей байланысты. Бұл міндеттерді орындау үшін – білім берудің жоғары деңгейіне жету үшін мектептегі оқу жүйесін жоғары деңгейге көтеріп, оқушылардың белсенділігі мен өз еріктері бойынша сабақ оқи білуге үйрету керек.

Сондықтан да мектеп оқушыларына бағыт-бағдар беру, оларды өзіндік оқуға, білім ала білуге үйрету, оқыған білімдерін саралауға, талдауға үйретудің маңызы зор. Мектеп оқушыларын өз еркі бойынша оқи білуге меңгертуде әр оқушыны өз еркі бойынша оқып, сол оқығанын ой елегінен өткізуге үйрету және сол оқып-білген білімдерін күнделікті өмірде пайдалануға үйрету.

Өмір тәжірибесі оқушылардың өзіндік алған білімдерінің негізі берік болатынын және жастардың бойында белсенділік пен өз еріктерімен шешім қабылдауға көмектесетінін көрсетіп отыр. Осы жайды ескере отырып, оқушылардың өз еріктерімен білім алулары оларға ғылымның негіздерін терең игеруге жол ашатын бірден-бір жол деп түсінген жөн.

Қазіргі кезеңде мектеп тек қана білім беру емес, сонымен қатар, білімді үздіксіз толықтыру қажеттігін өтеуі қажет. Біз оқушылардың өзіндік жұмыстарын оқу әдістемелері деп есептеп, солар арқылы білім, шеберлік және дағдыларына жетіп игеруіне, тәрбиелік мәселелерін шешуіне (белсенділікті, дербестікті, қайрат, табандылықты және т.б тәрбиелеу) жетеміз. Әдебиеттер талдауы өзіндік жұмыстың мәнін, негізгі нышандарын ашып беретін бірыңғай анықтамасы да жоқ екенін көрсетеді.

Мысалы, А.В. Усова мен З.А. Вологодская өзіндік жұмыс арнаулы уақытта, мұғалімнің өзі тікелей қатыспай, оның тапсырмасы және бақылауы мен істелетінін жұмыс деп түсінеді. Сонымен, оқушылар өз ой-ақылдарының тырысуы мен ой және физикалық амалдарын белгілі бір түрде (ауызша жауап, графикалық сызу және т.б) білдіріп, қойылған мақсаттарына жетуге ұмтылады.

Б.П. Есипов: «Өзіндік жұмыс – бұл мұғалімнің тікелей қатысуысыз, бірақ соның тапсырмасы бойынша, арнайы берілген уақытта орындалатын жұмыс».

П.И. Пидкасистый бойынша, «Өзіндік жұмыс – бұл оқытудың сондай әдісі, қайсысы әрбір меңгеріп алатын нақтылы жағдайында деректі дидактикалық мақсаты мен міндетіне лайық болды. Ол оқушының оқу процесінде дербестік ұғып алатын жұмысының педагогикалық басшылығы мен меңгеруінің маңызды құралы».

Өзіндік жұмыс оқушылардың белсенділік ой-ақыл жұмыстарын шамалап, мұғалім ұсынған тапсырмалардың тиімді жасайтын жолдарын іздеуіне, жұмыс нәтижесін талдауына байланысты.

Оқушылардың өз еріктерімен білімді меңгеріп алу шеберлігі негізінде ес және ойлау қасиеттерімен, олардың ақылдарының жетісіуімен қамтамасыз етіледі. Авторлар оқушылардың пәннен алынған білімдерінің тереңдігіне және нақтығына, білу қабілеттілігінің дамуына, жаңа материалды ұғып алу қарқынына өзіндік жұмыстың ықпалын тигізуін зерттеген.

Біз өзіндік жұмыстың түрлерін оқушылардың дидактикалық мақсаттары бойынша бес топқа бөлінуін ұсынамыз:

- жаңа білімдерді игеру, өз еркімен білімді меңгеріп алу шеберлігіне ие болу;
- білімдерді бекіту және нақтылау;
- оқу және практикалық есеп шығарғанда білімдерімен қолдану шеберлігін шыңғырту;
- практикалық түрдегі шеберлік пен дағдыны қалыптастыру;
- шығармашылық түрдегі шеберлікті, күрделі жағдайда білімдерімен қолдану шеберлігін қалыптастыру.

Міндет – өзіндік жұмыстың қайсысының да түйінін ұғып алу. Өз еркімен есеп шығару шеберлігін дағдыландыру – мұғалімнің үздіксіз назар аударуын керек қылатын ең қиын проблемалардың бірі.

Зертханалық жұмыс – сыныптың барлық оқушылары құрал-жабдықтарды қолдана, бір типті тәжірибе орындағанда оқылатын материал үрдісінде орындалатын практикалық жұмыстардың бірі.

Оқушылардың зертханалық жұмыстары ең басынан физика пәнінен оқу процесіне енгізілгенде теория мен практиканың байланыс әдісі болып қаралған. Олардың орындалуы оқушыларда тәжірибелік шеберлік пен дағдыны, сонымен бірге, практикалық түрдегі шеберлік пен дағдыны, дербестікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқушылардың жұмыстағы дербестігі мен белсенділігін қамтамасыз етуінің бірі – жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттерін түсіну.

Біз тәжірибенің әдісін зерттеп, мынадай алгоритм амалын ұсынамыз:

I. Мақсат.

Не білгім келеді?

II. Тәжірибенің ниеті.

1) Тәжірибенің идеясы қандай?

2) Нені бағыттап өзгертеміз? Қалай?

3) Қандай параметрлер тұрақты болып қалады?

4) Істелінген өзгерулердің функциясы ретінде не өзгереді? Оны қалай бақылауға болады?

III. Құрал-жабдықтар.

Қандай құралдар керек? Қандай материалдарды қажет етеді?

Тәжірибе үшін қандай қондырғы болу керек (схема немесе сурет)?

IV. Жұмыс барысы.

Қалай істеу керек (жоспар)?

V. Нәтижелер.

Не алынды? Цифрлар..... фактілер. Олардың көрнекті ұсынулары. Кесте, график. Құрылыстық схемасы.

VI. Қорытындылар.

Алынған нәтижелердің дәлдігі қанша (қателіктер есебі).

Келтірілген алгоритммен оқушылардың ұғынуы оларды саналы әрекет етуге үйретеді, еңбек мәдениетін шығарады, белсенді ой үрдісіне қатыстырады.

Сабақта оқушылардың өзіндік жұмысын өнімді ұйымдастыру үшін физика кабинетінде дидактикалық картотекалар, фронталдық жұмыстар үшін үлестірмелі материал жинақтау қажет. Бірақ, алдымен кітаппен жұмыс істеулерін үйрету керек.

Оқулық – оқушылардың ғылыми негіздерін меңгеріп алудың құралы, қайсысы мұғалім мазмұндайтын ғылыми мағлұматтардың резюмесі болып ұсынылады. Оқулықты сабақта басқа оқу құралдарымен пайдаланудың негізі құндылығы мол: оқушылардың баспа текстпен істейтін өзіндік жұмысы олардың белсенділігін және ұғып алу қабілеттілігін дамытады дағдыландырады. Сонымен, оқулық физика білімдер минимумының дәрежесін, көлемін және мазмұнын әжептеуір толық анықтайтындықтан, онсыз жазып алған конспект бойынша ғана оқытуға болмайды. Оқулық оқудың міндетті құралы. Оқушыны ғылыми және техникалық кітабымен жұмыс істеуге үйрету – физика пәні мұғалімінің ең маңызды міндетінің бірі. Бұл мәселенің тиімді шешімі, ең алдымен оқушыларды оқулықпен жұмыс істеуге үйретуге маңызды міндетінің бірі. Бұл мәселенің табысты шешуі, ең алдымен, оқушыларды оқулықпен жұмыс істеуге үйретуге байланысты.

Біз оқулықпен келесі жоспар бойынша жұмыс ұсынамыз:

- физикалық шама;
- физикалық құбылыс;
- физикалық заң;
- физикалық теория;
- физикалық шамалардың кестесі мен жұмысы.

Өзіндік жұмыстың түрлерін біліу, оның дидактикалық принциптерін өткізуі мұғалімге сабақта өзіндік жұмыстарды табысты ұйымдастыруға көмектеседі. Және мұғалімнің негізі міндеттерінің бірі – оқушылар сыныпта өз еркіктермен көп жұмыс істеп қана емес, сонымен бірге ол жұмысты едәуір үлеспен рақаттанып істей болатынын ұйымдастыру.

Біз оқушылардың физика сабағында дербестік дамыту принциптерінің мынадай түрлерін ұсынамыз:

- міндеттілік принципі;
- шамаға шақтық принципі;
- өзіндік жұмыстардың жаңа түрлері мен әдістеріне үздіксіз оқыту принципі;

- қызығушылық принципі;
- үздіксіз жұмыс істейтін принципі.

Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс жүйелі түрде өткізілетін болса, онда ол оқушыларға мұғаліммен берілген дайын білімдерге қарай тым терең және берік білім алуына мүмкіндік береді. Өткен жұмыс бойынша мынадай қорытындылар шешуге болады:

Оқушылардың дидактикалық мақсаттары мен мазмұндары тұрғысынан әр түрлі өзіндік жұмысының орындайтынын ұйымдастыруы олардың ұғып алу және шығармашылық қабілеттілігін ойлауын, белсенділігін өсіріп дамытуына мүмкіндік береді.

Ұқыпты ойланған өзіндік жұмысының өткізу әдістемесінде оқушылардың жан-жақты қалыптасу шеберлігі мен дағдыларының тәжірибелік қарқындары жетілдіріледі, ал ол өз кезегінде, танылатын шеберлігі мен дағдыларының қалыптасуына жағымды әсерін тигізеді. Оқушылар жұмыс жасауға ұмтылады. Біраздан кейін оқушылардың өзіндік жұмысқа тұрақты дағдылары қалыптасады. Бұл бағдарламалық материалды біртіндеп оқу қарқынын арттыруға, есеп шығаратын уақытты көбейтуге, зертханалық және басқа шығармашылық түрдегі жұмыстарды жасауға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, өзіндік жұмыс арқылы дербес, еңбек сүйгіш, жан-жақты жетік, ізденімпаз, өмірлік жағдайларда беделді және өз проблемаларын шешетін мүмкіндігі бар тұлғаны тәрбиелейміз.

Әдебиет тізімі

Әбілдаева К. Сабақта оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру // Бастауыш мектеп. – №3. – 2006.

Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. – Алматы, 2004. – 217 б.

Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002. – 104-105 б.

Құлдыбаева С.Б. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технология // Ғылыми – педагогикалық журнал. – № 6. – 2009.

Құрықбаева Р. Қазіргі мектептерде білім беру // Қазақстан мектебі. – № 5. – 2004.